

ҮШТІЛДІК- ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢЕСТІГІНДЕГІ ПОЛИМӘДЕНИЕТТІ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Ақтөбе қаласы «№13 орта мектебі» ММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Кенжегарина Алия Куанышалиевна

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев 1997 жылдан бастап өзінің Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауында білім беру ісін дамыту, жетілдіру, реформалауға баса назар аударып келеді. Өз жолдауының бірінде «Білімді дамыта алмаған мемлекет ХХІ ғасырда дағдарысқа ұшырайды, бәрі де мектептен басталады» деп атап көрсеткен. 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына арналған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында да «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. 2015-2020 жылдарда біз оқытудың 12 жылдық моделіне толық көшетін боламыз» деп айқындап берді. Қазақстандық білім берудің даму болашағы 2008-2009 оқу жылынан бастап, кезең-кезеңмен енгізілетін 12 жылдық білім беруге көшумен тығыз байланысты екені бәрімізге белгілі. Білім беруді жаңарту, оның ішінде үштілділік білім беруге көшу-білім берудің мақсатын, құрылымын, мазмұнын, әдістер мен құралдарын, оқу үдерісін ұйымдастырудың формасын мейлінше жаңартуды көздейтін, педагогтардың, ата-аналардың, білім беру жүйесінің түрлі деңгейлері басшыларының, яғни барлық педагогикалық қоғамдастықтың белсенді араласуымен іске асатын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылдың 1 наурызындағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында қазақстандық білім беру жүйесін реформалаудың негізгі мақсаты – білім сапасының жаңаруы мен ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттігін арттыру деп нақты көрсетілген.

Үштілділік білім берудің тұжырымдамалық негіздері, білім мазмұны, бағалай жүйесі және т.б. өзекті мәселелер ғалымдар, әдіскерлер мен ұстаздар арасында жан-жақты талқылануда. Баланы айналы өз бетімен танып білуге деген табиғи ұмтылысы негізінде құрылған оқытудағы зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Оқытудың басты мақсаты- адамзат мәдениетінің кез-келген саласындағы іс әрекеттің жаңа тәсілдерін баланың өз бетімен, шығармашылықпен меңгеруді қалыптастыру. Оқытуды іске асыру тәсілдерінің бірі- жобалар әдісі, өзінің дидактикалық негізі бойынша шынайы өмірде тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыруды көздейтін, білім берудегі күзінеттілік тәсілді қолдайтын технология. Менің ойымша, үштілділік білім берудің ерекшелігі: ол жеке тұлғалық қасиеттерге бағдарланған оқыту, проблемалық бағытта және шығармашылық сипатқа ие, оның басты бағдары- білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылыбілімді іс жүзінде қолдану, оқушының жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту, білім-біліктерді игеру мүмкіндіктері мен оларды қолдану жолдарын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары мектеп, гимназия, лицей т.б. қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытатын мұғалімдер үш тілді оқытуды жүзеге асыруда тілді деңгейлеп меңгерту арқылы жеке тұлғалық әлеуметтік және білімдік мақсаттардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілі пәнін оқытуда әрбір жаңа тақырыпты үш тілді оқыту аясындағы ағылшын және орыс тілдерінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлердегі ұқсастығы мен айырмашылықтарын салыстыра отырып, меңгертуге басты назар аудару керек. Мұғалім осылай оқу үдерісінде оқушылардың үш тілді тең дәрежеде қатар үйренуіне әдістемелік тұрғыдан мүмкіндік туғызады. Қазіргі кездегі қазақстандық ортада пайда болып жатқан көптеген жаңа құбылыстар жаңалықтардың көпшілігі көне латын тілінде, ағылшын тілінде аталатыны белгілі. Осы тұста мұғалім оны үштілділік бағытта тануға пайдалана алуы тиіс. Оқушылардың компьютерді, телефонды, интернетті еркін

пайдалануы қазақ тілі сабақтары үшін тек мол ақпарат алу мақсатында ғана емес, үш тілді үйретудегі ортақ нүктені табуға, тиімді қолдануға да тірек болуы керек.

Басқа пәндердің мазмұнын меңгертуде мемлекеттік тілді дұрыс қолдану пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асырылады. Мысалы: жыл мезгіліне байланысты бір тақырыпты жан-жақты талдау, себеп-салдарын түсіндіру, фактілер мен көзқарастарын ажырату, қарама-қайшы тақырыпты талқылау кезінде оқушылар қазақша өз ойын жүйелеуге, түрлі ақпарат ресурстарынан алған мәліметтерін бағалауға, өзгелерге өзі білетін ақпаратты анық, түсінікті жеткізуге дағдылануы керек. Бұл оқушылардың басқа пәндер бойынша да қазақ тілімен қатар ағылшын және орыс тілдерін меңгеруде жетістікке жетуін қамтамасыз етеді.

Ал қазақ тілі мұғалімі басқа пәндер мазмұнына сәйкес тақырыптарды, мәтіндерді, тапсырмаларды пайдалану арқылы пәнаралық байланысты дамытады. Қазақ тілі мен басқа пәндер мұғалімдері арасында пайдаланатын мәтіндер мен тапсырмаларды орындату негізінде оқушылар арасында өзара ынтымақтастық, қарым-қатынас орнатылады. Сонымен қатар тіл мұғалімдері үш тілді үйренудегі басқа да қосымша қажеттіліктерді анықтау үшін барлық пән мұғалімдерімен тығызбайланыста болады.

Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру- жеке тұлғалық, тұлғааралық және мәдениетаралық құзіреттіліктерді қажет етеді. Бұл құзіреттіліктер оқушылардың әлеуметтік және кәсіби ортада көпмәдениетті қоғамда тиімді әрі конструктивті әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Білім беруді жаңарту- үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі, бұл білім беруде кезең-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзету енгізіліп, талданатын өзгерістер. Сонымен қатар білім беруді жаңарту үрдісі салт-дәстүрді, мәдени мұраны, жалпы ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауды талап ететін тұрақты жүйелерден тұрады. Сондықтан да үштілдік оқытуға біртіндеп көшуді жүзеге асыру – оның қажеттілігі мен тиімділігін әр педагогтің, әр ата-ананың саналы түрде түсініп, қабылдауы және оған белсенді түрде араласуына мүмкіндік беруді, асқан ұқыптылық пен сезімталдықты қажет ететін үрдіс.

Үштілдік білім берудің басты ерекшелігіне мыналар кіреді: ұлттық құндылықтарды оқушының бойына сіңіру арқылы оның жан-жақты дамуына жағдай жасау; өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне жол ашу; адамға табиғатынан берілген шығармашылық қабілетін толық іске асыруын қамтамасыз ету; әр елдің экономикалық, мәдени, саяси өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беру.

Үштілдік оқытудың мақсаттары төмендегідей: қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті болу; өзін-өзі дамыту; жоғары білімді, шығармашыл, ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру; жеке тұлға интеллектісін баыту; оқушы тұлғасындағы рухани, дене мүмкіндіктерін ашу.

Қоғам алдында білім беру жүйесіне қойылған міндетке сәйкес білім беру жүйесі оқушы тұлғасын үйлесімді дамытуға бағытталған жалпы білім беретін мектептің жаңа үлгісін таңдауға бағытталып отыр.